

УДК 327.809

АҚШ-ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ САУДА СОҒЫСЫ

Сатыбалды Меруерт Оразалықызы

orazalieвна17@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
Халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

2018 жылы АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы әлем ақпарат кеңістігінің ең басты тақырыбына айналды. Трамп өзінің «алғашқы оғын атқанын» мәлімдегеннен кейін, Бейжің тарабы мәлімдеме жасап, оның салдарынан қорықпайтынын, «соңына дейін сынасып көретінін» жеткізді. Әлемдегі екі ірі экономиканың арасындағы теке-тірес әлем назарын өзіне аударды. Жалпы аты айтып тұрғанындай, сауда соғысы – сауда қатынасындағы екі елдің бір-бірімен сауда шарттары арқылы күресуі. Бұл соғыстың басты қаруы кеден салығы мен импорт-экспорт квоталары. Айталық, бір ел сауда тарифтерін көтереді, екіншісі осыған ұқсас жауап қайтарады. Саудадағы кеден салығы арқылы жасалған соққылары бір-бірінің экономикасына зиян келтіруі, тіпті екі ел арасындағы саяси шиеленісті күшейтуі мүмкін.

Ең қуатты екі экономика арасындағы текетірес 2017 жылы басталды. Бұл өзінің сайлауалды науқанында АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қатынастарын белсенді сынаған

Дональд Трамптың АҚШ-та билікке келуімен байланысты. Елдер арасындағы қақтығыс 2018 жылы ең жоғары деңгейге жетті.

Сурет 1. АҚШ-тың Қытаймен сауда айналымындағы теңгерімсіздік [1].



2018 жылдың 22 наурызында АҚШ президенті Дональд Трамп Қытайдан келетін өнімдерге шектеу қоюға мүмкіндік беретін Қытайдың экономикалық агрессиясымен күресу туралы меморандумға қол қойды. Құжат 2017 жылдың тамызында ҚХР үкіметіне қарсы зияткерлік меншікті бұзу, сондай-ақ 1974 жылғы сауда актінің 301-бабына сәйкес технологияларды беру жөніндегі әділетсіз және кемсітушілік саясаты бойынша басталған ресми тергеу нәтижесінде қабылданды, бұл АҚШ-қа біржақты кедергілер орнатуға мүмкіндік берді.

Президент жарлығына сәйкес 23 наурызда болатқа 25 пайыз, алюминийге 10 пайыздық импорттық баж салығы жұмыс істей бастады. 1 сәуірде Қытай 128 американдық тауарға баж салығын енгізді. ҚХР Қаржы министрлігі бұл қадамды АҚШ әкімшілігінің болат пен алюминий импортына баж салығын көтеру шешіміне жауап ретінде қарастыру керек деп санады. 4 сәуірде Америка Құрама Штаттары Қытайдың американдық өнімдерге қатысты зияткерлік меншік құқығын бұзуына жауап ретінде импорттық баж салығы салынуы мүмкін 1300 қытай тауарының тізімін жариялады. Бұған жауап ретінде Қытайдың Мемлекеттік кеңесі АҚШ-тан әкелінетін 106 тауарға, соның ішінде соя, автокөлік, ұшақ, химиялық өнімдерге 25 пайыздық баж салығын енгізу туралы шешім қабылдады.

Мамыр айында тараптар сауда соғысын жасамаймыз және өзара баж салығын қолдануды тоқтатамыз деп келісті. Алайда, кейінірек сауда мәселелері бойынша әлі де келісімге келу мүмкін болмағаны белгілі болып, Вашингтон жаңа алымдарды жариялады. 6 шілдеде АҚШ пен Қытайдың өзара сауда қозғалысы (ішінара, 545 тауар атауы бойынша) күшіне енді. Желтоқсан айында Аргентинада өткен G20 саммиті аясында екі ел басшылары сауда соғысындағы «бітімге» келісті [2]. Дональд Трамп 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап импорт көлемі 200 миллиард долларды құрайтын қытайлық тауарларға баж салығын, егер тараптар 90 күн ішінде белгілі бір мәселелер ауқымын келісе алса, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10-нан 25 пайызға дейін көтермеуге келісті. Қытай билігі АҚШ-тан автокөліктер мен бөлшектерді импорттауға ұлғайтылған баж салығын үш айға тоқтатты.

2019 жылдың 7-9 қаңтарында ҚХР мен АҚШ арасында екі ел арасындағы сауда-экономикалық қайшылықтар бойынша екіжақты келіссөздер өтті. Келіссөздердің қорытындысы бойынша ҚХР Сауда министрлігі Қытай мен АҚШ бірін-бірі аландатып отырған сауда мәселелерін шешудің негізін салғанын хабарлады. 30-31 қаңтардағы кездесудің қорытындысы бойынша Бейжің АҚШ-пен өзара саудадағы теңгерімсіздікті азайтуға келісті, ал Қытай да американдық ауыл шаруашылығы өнімдері мен энергетикалық ресурстар импортын белсенді түрде арттыруға кірісуге дайын екені белгілі болды [3].

Жалпы ақпан айының соңына дейін сауда мәселелері бойынша келіссөздердің жеті раунды өтті, 21 ақпаннан бастап кездесулер жоғары деңгейде өтті. Бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, келіссөздер барысында тарифтік емес шектеулер, технологиялар мен қызметтер алмасу, сондай-ақ зияткерлік меншік туралы меморандумдар талқыланды.

Кесте-1. АҚШ пен Қытайдың импорттық тарифтерді енгізуі [4]

АҚШ	Қытай
23-наурыз: Болатқа 25%, алюминийге 10% баж салығы.	Жауап ретінде: 2 сәуірден бастап жемістер мен олардан жасалған өнімдерге 15%, шошқа етіне және одан жасалған өнімдерге 25%.
6 шілде: \$34 млрд болатын импортқа 25% баж салығы.	Жауап ретінде: импорттық баж салығы \$34 млрд.
23 тамыз: \$16 млрд болатын импортқа 25% баж салығы.	Жауап ретінде: \$16 млрд болатын импортқа 25% баж салығы.
24 қыркүйек: \$200 млрд болатын импортқа 10% баж салығы.	Жауап ретінде: \$60 млрд болатын импортқа 5-10% баж салығы.

Наурызда АҚШ президенті елмен сауда тапшылығын азайту үшін Қытай тауарларына баж салығын енгізу туралы меморандумға қол қойды. Құжатта Қытайдан келетін 100-ден астам тауар түріне, оның ішінде электроника мен киімге 25 пайыздық тарифтер жарияланды.

Сәуір айында Дональд Трамптың әрекетіне жауап ретінде Қытай Америка Құрама Штаттарынан 128 тауар түріне, соның ішінде жемістер, жидектер және олардың туындылары (15%), шошқа еті өнімдері және оны (25%) импорттауға қосымша баж салығын енгізді.

Қытайдың АҚШ-қа экспорты және ҚХР көзқарасы бойынша елдер арасындағы сауда профициті өсуді жалғастырды.

Ел билігі де АҚШ меморандумға сәйкес тарифтерді көтерсе, айна шараларын ұсынуға ниетті екенін мәлімдеді. Қытай соя, жүгері, мақта, автомобильдер және химиялық өнімдерді қоса алғанда, жалпы құны бойынша салыстырылатын 106 тауар түріне 25% баж салығын енгізуді жоспарлады [5].

Кейін риторика өзгерді - ҚХР басшысы Си Цзиньпин өзінің дайындығын мәлімдеді:

- импорттық автокөліктерге тарифтерді төмендету;
- зияткерлік меншікті қорғауды жақсарту;
- банк секторын ашу;
- импортты ұлғайту.

Нарық оларды елдер арасындағы қарым-қатынасты бәсеңдету мүмкіндігі ретінде қабылдады. Дегенмен, сауда соғысы жалғасты - айдың екінші жартысында штаттар мақсатты шектеулер енгізді. Қытай американдық құмай жүгеріге 179% импорттық баж салығын салды. Америка Құрама Штаттары американдық компанияларға елдегі ең ірі технологиялық компаниялардың бірі Қытайдың ZTE компаниясына компоненттер мен қызметтерді сатуға тыйым салды.

Жазда елдер бұрын жарияланған баждарды енгізді:

6 шілдеде наурыз меморандумында қарастырылған АҚШ баждарының бірінші бөлігі күшіне енді. Тарифтердің 25%-ы жалпы құны 34 млрд долларды құрайтын қытайлық тауарларға әсер етті. Тізімге «Қытайда жасалған – 2025» стратегиясындағы Қытай үшін стратегиялық маңызды салалардың өнімдері енгізілген.

Сол күні Қытай өз баж салығын, сонымен қатар соя және басқа да ауылшаруашылық өнімдерін қоса алғанда, 34 миллиард долларлық тауарларға жауап берді.

АҚШ тарифтерінің 25%-ның екінші бөлігі 23 тамызда күшіне енді – 279 тауар түріне, оның ішінде балалар мен жануарларға арналған тауарлар, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдері.

Қытай сол күні тағы да айнадай жауап берді - ол бірдей көлемдегі және бірдей мөлшердегі баждарды енгізді. Олардың тізімі.

АҚШ Қытайдың жауап шараларына байланысты тарифтерді көтеруді жалғастыратынын мәлімдеді. Қыркүйек айында Америка Құрама Штаттары бұл қауіпті түсінді - ол 200 миллиард доллар тұратын қытайлық тауарлардың импортына 10% тарифтер енгізді. Пекин 60 миллиард долларлық американдық импортқа 5-10% тарифтермен жауап берді.

Америка Құрама Штаттары 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап құны 200 миллиард доллар болатын тауарлардың импортына баж салығын 25 пайызға дейін арттыруды жоспарлап отыр, ал Қытай жауап қайтарған жағдайда импортқа тағы 267 миллиард долларға баж салығын жариялайды.

Желтоқсан айында елдер арасындағы сауда соғысы тоқтатылды. Дональд Трамп пен Си Цзиньпин тарифтерді 90 күнге көтеруге мораторий жариялау туралы келісті.

Осы уақытта Қытай нақты сомасы белгісіз АҚШ-тың ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп тауарларының көлемін ұлғайтуға уәде береді; елдер алдағы сауда туралы келісім жасасуды жоспарлады.

АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы SWOT талдау

S (Strenghts) Күшті тұстары	W (Weaknesses) Әлсіз тұстары
<p>1. Халықаралық сахнада өзіндік орны бар Америка Құрама Штаты мен Қытай әлемдегі жоғары қарқынмен дамып келе жатқан мемлекеттер. АҚШ – экономикасы дамыған мемлекет. Жер қойнауы отын-энергетикалық шикізаттарға, темір, түсті металл қазбаларына, табиғи күкіртке, уран шикізаттарына, фосфориттерге, калий тұздарына, т.б. пайдалы кендерге бай. Ал Қытай басшылығы өзінің сыртқы саяси жоспарларында дамушы елдердің</p>	<p>1. Тиімсіз сауда-саттық</p> <p>Тиімсіз сауданы сауда тапшылығы деп те атайды. Бұл бірелдің импорт пен экспорты арасындағы айырмашылықты өлшем етеді. АҚШ пен Қытай арасындағы сауда тапшылығы 375 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл АҚШ экономикасын өркендетуді мақсат еткен Трамп үшін кедергі болды. Соңғы бірнеше он жылда дамыған елдер өнеркәсіптік экономикадан сервистік</p>

<p>экономикалық бағынуына маңызды орын бөледі. Осы мақсаттарда Пекин оларға экономикалық дамуын және сыртқы экономикалық байланыстарының концепциясын байланыстыруға тырысады.</p> <p>2. Жаңа дамыған технологияларға бай</p> <p>АҚШ өнеркәсібінде машина жасау өнеркәсібі автомобиль, авиация электр техникасы салаларына түрлі жабдықтар өндіреді. Атом өнеркәсібі, тоқыма және тігін өнеркәсібі айрықша дамыған. Қытайлықтар әртүрлі техникалық құралдарды өндіреді. Сондай-ақ Қытайдың ұшақ технологиясы жоғарғы деңгейге көтерілді. Қытай орталық теледидары CCTV, J-20 үлгісіндегі соғыс ұшағының Қытай Халық Азаттық армиясы әуе күштерінің заманауи ұшақтары қатарына кіргенін хабарлады.</p> <p>3. Әлемдік ірі инвесторлардың бірі</p> <p>Екі мемлекетте өзге мемлекеттерге әртүрлі бағытта өздерінің инвесторлық қызметін жүзеге асырады. Сондай-ақ бәсекеге қабілеттілікті арттыру, сауда қарым-қатынасын нығайту секілді жұмыстарды реттеу негізіндегі жұмыстарды жүргізеді.</p> <p>4. Білім мен ғылым саласындағы сауаттылық</p> <p>АҚШ пен Қытай тарапы саяси билікте білімді, сауатты мемлекеттердің қатарында. Олар әрбір мәселені тиянақты шешуді мақсат етеді. Біліктілікті алға қоя отырып, бірлесе жұмыс атқарғанды ұнатады.</p> <p>5. Екі елдің де сауда байланысының белсенділігі</p> <p>АҚШ-тың бір жылғы ұлттық табысы жан басына шаққанда 62 мың долларға жуық. Негізгі сауда серіктестіктері – Батыс Еуропа елдері, Канада, Мексика, Жапония. Соңғы 20-25 жылда Қытай экономикасы жоғары қарқынмен дамыды. Сыртқы сауда ел экономикасының 45%-дан астамын құрайды. Негізгі сауда серіктесі – Жапония, онан кейін АҚШ пен Оңтүстік Корея. [6]</p>	<p>экономикаға өтті. 2017 жылы АҚШ-тың қызмет көрсету саласының экспорттық жалпы көлемі 242,7 млрд долларды құрады. Бұл банк, қаржы, туризм және басқа да салаларды өз ішіне қамтиды.</p> <p>2. Теңсіздіктің орын алуы</p> <p>Қытайдың бұрынғы экономика министрінің болжамына сенсек, сауда соғысының алғашқы соққы алмасуынан кейін АҚШ-Қытай арасында даулы келіссөздер процесі басталуы мүмкін. АҚШ-тың жолдаған құжатында, ДСҰ мүшелерінің өздерінің ұзақ мерзімді құқығынан бас тартпайтынын, яғни нарықтық емес экономика ретінде қалыптаспаған бағалар мен шығындарды қабылдамайтыны ашық айтылған. Бұл алдағы уақытта АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестікті арттыра түспек. 2017 жылы АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда айналымы 710,4 млрд долларды құрады, оның ішінде АҚШ-тан экспорт — 187,5 млрд доллар, АҚШ-қа импорт - 522,9 млрд доллар. Осылайша, АҚШ-тың Қытаймен сауда тапшылығы 335,4 млрд долларды құрады [7].</p> <p>3. Мүдделерінің әртүрлі болуы</p> <p>АҚШ-тың кейбір талаптарын қанағаттандыру үшін Қытай үкіметі не жасай алатындығы нақты емес. Қытай Сауда министрлігі Сауда-саттық мәселелері бойынша тергеу бюросының директоры Уаң Хыжүн жақында: «АҚШ-тың Қытайға нарықтық экономика мәртебесін беруден бас тартуы көпжақты ережелердің маңыздылығы мен беделіне нұқсан келтірді. Біз тек қытайлық өндірушілердің заңды құқығын қорғау үшін қажетті шараларды қабылдадық», – деген пікірін білдірген.</p>
<p>O(Opportunities) Мүмкіндіктер</p>	<p>T(Threats) Қауіптер</p>

<p>1.Шикізат көздерін пайдалану Алайда екі мемлекет бір-бірімен ынтымақтастық қарым-қатынасты орната білсе өздерінің шикізат көздерін пайдалану мүмкіндігі арта түсіп, әр қарай екі жақты қарым-қатынасты дамытуға жол ашылады деп есептеймін.</p> <p>2.Зауыт, фабрикалардың санын көбейту Сондай-ақ екі мемлекет көптеген техникалық құрал жабдықтарды өндеп шығаратын зауыттар мен фабрикаларды салу арқылы экономикасындағы түйткілді мәселелерін шеше алады.</p> <p>3.Бәсекеге қабілеттілікті арттыру Бәсекелестікті арттыру негізінде өзге мемлекеттермен әртүрлі саяси, экономикалық,экологиялық, сауда байланыстарын нығайту бағытында түрлі жұмыстарды атқарады.</p>	<p>1.АҚШ-тың қарулы күшінің дамығандығы АҚШ-тың Қарулы күштерінде 2 363 675 мың адам, 13 762 мың авиатехника бірліктері мен 5 884 танкіге ие. Ал қорғаныс бюджеті 587.8 млрд. долларды құрайды. АҚШ-тың қорғаныс күшінің 10 әскери дивизиясын сансыз әскери бригадалар қолдап отырады. Әр дивизияда 3 бронетанкті бригада, механикаландырылған жаяу әскер, жеңіл қаруланған жаяу әскер, брондалған әскери «Stryker» көлігінің бригадасы.</p> <p>2.Екі мемлекет әлемдегі алып держава Америка мен Қытай арасындағы сауда қарым-қатынастарының тоқтатылуы әлемдік сауда көлеміне кері әсерін тигізеді деп есептейді Goldman Sachs Group Inc. сарапшылары. Олардың сөзінше, Ақ үйдің шектеулерінен Қытайдың ЖІӨ өсімі 3%-ға, Америка өсімі 0,5-1%-ға баяулауы мүмкін. Америка мен Қытайды халықаралық сауданың драйверлері деп есептейді, сондықтан олардың байланыстарының үзілуі әлемдік нарыққа үлке ықпал етеді.</p> <p>3.Әлемдік экономикада тұрақсыздықтың орын алуы «Экономикалық қайшылықтар талай жұрт ашықтан-ашық сауда соғысы деп бағалайтындай дәрежеге дейін шиеленісіп кетті. Солардың бірі әлем экономикасының 1/3 бөлігін, жаһандық экспорттың 20 пайызын, әлемдік инвестицияның 1/3 көлемін құрайтын АҚШ пен Қытайдың арасында өрбіп жатыр». Экономикалық жағынан қуатты екі держава арасындағы сауда соғысы ұзақ уақытқа созылып, олардың өздерін тұралатып тастауы, сондай-ақ әлем саудасын біраз тығырыққа тіреуі мүмкін. Макроэкономикалық тұрғыдан алғанда, екі жақтың бір-бірлеріне сауда баж салықтарын салулары АҚШ пен Қытай экономикалары өсіміне шамамен 0,1-0,2 пайыздық пунктте тежеу салады.</p>
--	---

Қорытындылай келе АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы бойынша талқылаған SWOT-талдауымда күшті тұстары мен мүмкіндігері оның әлсіз тұстары мен қауіптерімен шамамен тең, дәлірек айтсақ 6:8. Америка Құрама Штаттары сауда тапшылығын еңсере алмады. Өзара баж салығы Қытайда орналасқан АҚШ компанияларының қаржылық нәтижелеріне соққы берді. АҚШ пен Қытай арасындағы сауда соғысы 2018 жылдың қазан-желтоқсан айларында АҚШ қор нарықтарының құлдырауының себептерінің бірі болды. Қытайдың ЖІӨ өсімі баяулады, бұл «Қытайда жасалған» бағдарламасы үшін тиімді емес. Сауда соғысына байланысты Қытайдың мұнайға деген сұранысы төмендеді. Қытай бұл шикізаттың негізгі сатып алушыларының бірі болғандықтан, Қытайдың сұранысының төмендеуі мұнай бағасының төмендеуіне итермелейді. Соғысты тоқтату және жаңа сауда келісімі АҚШ үшін де, Қытай үшін де қажет болды. Қытай үшін АҚШ - негізгі сыртқы сауда нарығы, ал Қытай - АҚШ-тың негізгі несие берушісі. АҚШ-тың ұлттық қарызының 20% дерлік Қытайдың қолында шоғырланған. Егер Қытай билігі американдық облигациялардың көп бөлігін сату туралы шешім қабылдаса, бұл американдық экономиканы ғана емес, әлемдік нарықтарды құлдыратуы мүмкін. Негізінен екі елдің сауда соғысының мәселесі ынтымақтастық қарым-қатынас бағытында шешілетін болса, екі тарапқа ғана емес, әлемдегі елдерге де жақсы болады деп есептеймін. Сондай-ақ екі тарап әртүрлі саяси мәселелерді шешуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып дұрыс бағытта жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Тіпті кейбір сарапшылар сауда соғысы ядролық қарумен бірдей деп бағалаған. Ешкімде оны пайдаланғысы келмейді, сондықтан Қытай мен АҚШ-та терең қарсыластыққа кете қоймасы анық деген болжамдар айтады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://twitter.com/kimberlyamadeo>
2. <https://www.state.gov/u-s-relations-with-china/>
3. Пак С. (2020) Торговая война Китая и США: что будет с китайской экономикой? // Вестник международных организаций. Т. 15. № 2. С. 213–235 (на русском и английском языках). DOI: 10.17323/1996-7845-2020-02-10
4. <https://www.bbc.com/news/world/asia/china>
5. China General Customs Administration // URL:<http://english.customs.gov.cn/>
6. <https://www.rt.com/trends/china-us-trade-war/>
7. <https://www.bloomberg.com/graphics/2019-us-china-trade-war-economic-fallout/>